

**2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 ақпандағы № 84 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 ақпанда № 3824 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Маңғыстау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата – ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "Маңғыстау аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бөлім басшысы С.Қалиева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Махмутовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Маңғыстау ауданының әкімі*

*Т.Көшмағанбетов*

Маңғыстау ауданы әкімдігінің

2019 жылғы 19 ақпандағы

№ 84 қаулысына қосымша

**2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 20.09.2019 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақысының мөлшері (теңге)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарын дағы топтар	Балабақша (мемлекеттік)	Балабақша (жеке меншік)	Мектепжанындағы толық күн болатын шағын орталық	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	Балабақша (мемлекеттік)	Балабақша (жеке меншік)	Мектепжанындағы толық күн болатын шағын орталық	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	Балабақша (мемлекеттік)	Балабақша (жеке меншік)	Мектепжанындағы толық күн болатын шағын орталық	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық
1-ден 4-ке дейінгі топтар	1040	606	26	32	35200	35200	29518	35200	12544	12544	12544	12544
5-тен 7-ге дейінгі топтар	530				30150				12544			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК